

С.А.Талжанов, А.И.Аманжолов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: aidyn_1988kz@mail.ru)

Тұрақты дамуды қамтамасыз етудегі тұлғалық бағдарланудың маңызы

Мақалада жаһандық білім беру — қазіргі білім берудің басты бағыты, қазіргі уақытта білім алуға қажетті құзыреттілік деңгейі. Мақалада Блум таксономиясын қолдану арқылы географияны оқытуды ұйымдастыруда мұғалімнің педагогикалық қызметіндегі даралап, деңгейлеп оқытудың ерекшеліктері, тиімділігі және технологиясы туралы жазылған.

Кілтті сөздер: даму сапасы, тұлға, ғылыми-географиялық білім, әлеуметтендіру, пәнді оқыту нәтижелері, ақпарат, Блум таксономиясы, педагогика.

Өркениет дамуы алға қадам басқан сайын елдің ұлттық байлығының негізгі үлесін құрайтын адами әлеуеттің даму сапасының артуы және тұлғаның нақты жағдайда әрекет етуге байланысты ұстанымдары зор маңызға ие болып отыр. Ғаламшардың әр адамы қандай да бір қоғамдық оқиғаларға әсер етеді немесе кем дегенде осы оқиғаларға өзінің қатынасын білдіреді. Тұлғаны қалыптастыруда ғылыми-географиялық білімнің біртұтастығын анықтау, жас ұрпақтың бойында Жер ноосферасының құрамдас бөлігі ретіндегі біртұтас географиялық бейне қалыптастыру география пәнінің басты мақсаты болып табылады. Осыған орай, тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны өмір мен қоғамға бейімдеудің негізгі міндеттерін шешу үшін бүгінгі таңда әлемдік деңгейдегі білім беру ұстанымдарының ең озық үлгілерін қолдану қажеттілігі туындап отыр [1].

Көптеген дамыған елдерде жалпы білім беретін бағдарламалар заманауи қоғамда адам білімінің нақты деңгейін аяқтағаннан кейін меңгеруі тиіс қасиеттер, құзыреттіліктер тізімін көрсетеді. Мұндай бағдарламалар оқыту үрдісі мақсат қою, яғни, жалпы білім беретін бағдарламада көрсетілген мақсаттар негізінде жобаланатын құзыретті педагогика арқылы жүзеге асырылады. Бұл жаһандану негізімен, жоғары ақпараттық технологиялар уақытымен, ғылыми прогрестің ашықтылығымен талап етіледі [2].

Білім сала ретінде қоғамның білім алуда қажеттіліктерін қанағаттандыруда, қоғамның кадрлық әлеуетін жаңғырту мен дамытуға бағытталған білім қызметін жүзеге асыратын мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындардың жиынтығы болып табылады. Білімнің педагогикалық үрдіс ретіндегі басты мақсаты, оның миссиясы азаматтың тұлға, қызметкер, адам ретіндегі құндылықтарын арттыру болып табылады. Бұл мәселе Білім беру жүйесінде қарастырылып отыр, сондай-ақ 12 жылдық орта білім берудің көздеген мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде мынадай білім беру нәтижелері регламенттелген:

– білім алушыларды *әлеуметтендіру* — бағдарлану және құндылықтар жүйелері түріндегі тұлғалық нәтижелер;

– *метапәндік нәтижелер* — оқу-тәрбие үдерісінің шеңберіндегі және нақты өмір жағдайларындағы мәселелерді шешу кезінде қолданылатын іс-әрекеттің әмбебап тәсілдері ретінде қалыптастырылған түйінді құзыреттіліктер;

– *пәнді оқыту нәтижелері* — игерілген білім, іскерлік, дағды және білім беру салалары бойынша құзыреттіліктер. Бұл аталып өтілген білім беру нәтижелері — барлық пәндер үшін ортақ көрсеткіштер [3–5]. Ал тұрақты даму үшін жаһандық білім беру — қазіргі кезеңде білім берудің басты бағыты. Осы бағытты ұстануда негізге алатыны Еуропалық біліктілік стандартының негізгі сегіз білігі және олардың негіздемелік өлшемдері: ана тілінде қатынас жасай білу; шетел тілдерінде

катынас жасай білу; элементар математиканың дағдыларын және ғылым мен технологияда білігін таныта білу; диджитальды/ақпараттық біліктіліктерді көрсете білу; оқу іскерлігі; тұлғааралық, мәдениетаралық, әлеуметтік және азаматтық біліктіліктерді көрсете білу; кәсіпкерлік дағдыларын таныта білу; әлемдік және ұлттық мәдениет негізінде құндылықтарды қалыптастыра білу.

Білім беру процесіне келсек, оқытудағы педагогикалық менеджмент оқушыларды оқыту процесін тиімді басқару жөніндегі мұғалімінің мақсатты бағытталған педагогикалық қызметі болып табылады. Қазіргі таңдағы осындай талаптарға байланысты саралап, даралап білім беру мәселесі қойылып отырғанда, деңгейлік тапсырмаларды бірізділікпен, логикалық жүйелілікпен бірте-бірте күрделендіре түсуге бағытталған зерттеушілік іс-әрекетті қажет етеді. Мұндай жүйелілік бізден оқу тапсырмаларын Блум таксономиясына негіздеп құруды талап етеді.

Блум бойынша, оқу тапсырмаларының таксономиясын алты деңгейге бөлуге болады:

Бірінші деңгей «Білімдер» — ақпаратты мұғалім сөздерінен, оқулық бетінен, басқа да қайнаркөзден «Жад» қоймасына көшіру, ақпараттық айналдыруға *үйренуі*.

✓ Екінші деңгей «Түсіну» — «Жадқа» түскен білімді көптеген басқа сипатта, басқа түрде ұсынуға, өз сөзімен айтып беруге *үйренуі*.

✓ Үшінші деңгей «Қолдану» — Білімді үлгі, ереже немесе алгоритмдік тапсырма бойынша, яғни «үлгі мен ұқсастық бойынша», пайдалануға *үйренуі*.

✓ Төртінші деңгей «Талдау» — бұрын алған білімінің негізінде алгоритмдік талдау (элементарлы ойлау операциясы) арқылы өзі үшін жаңа білім ашуға *үйренуі*.

✓ Бесінші деңгей «Синтез» — бұрын алған білімнің негізінде алгоритмдік талдау (элементарлы ойлау операциясы) арқылы өзі үшін жаңа білім ашуға *үйренуі*.

✓ Алтыншы деңгей «Бағалау» — мақсаты алдыңғы деңгейлерде өзі үшін ашылған жаңа білімдерді бұрын алған білімнің негізінде алгоритмдік талдау (элементарлы ойлау операциясы) арқылы нақты жағдайда қорытындылар жасауға *үйренуі* [2].

Аталмыш оқу тапсырмаларының таксономиясын негізделіп әзірленген бір сабақ жоспарының үлгісі төмендегідей (1–3 сур.):

ТИТУЛ БЕТІ		ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР КАТАЛОГЫ	
ТАҚЫРЫП:		1	
Жел			
Пән:			
Физикалық география			
Сынып:	6		
Оқытушы:			
Иванова Г.М.			
Дидактикалық дәреже/категория:		2	
Оқу орны:		Мақсатты әлеуметтендіру	
Н.Нұрмақов атындағы ДБМИ			
Базалық оқулық:		1	
Бірмағамбетов Ә., Мамырова К. 6-сыныпқа арналған география			
Сабақтың мазмұны:			
Жел, желдің бағыты мен жылдамдығы, жергілікті желдер, жел өрнегі, желдің маңыздылығы		«Табиғат» Тұрақты дамуды қамтамасыз ету	
		2	
		«Қоғам» Жеке интеллектуалдық әлеуетті көрсету	
		3	
		«Мен» Ақпаратты сызба түрінде беру дағдысы	

1-сурет. Блум бойынша, сабақтың тапсырмалары

Бірінші деңгей — БІЛІМДЕР

Оқу тапсырмаларының таксономиясы — бірінші деңгей			Етістік	Немен әрекеттеседі
1.00 Білім	1.10 Нақты мәліметтерді білу	1.11 Терминологияны білу	Анықтау, <i>меңгеру</i> , айыра алу, еске түсіру, танып білу	Сөздік, түсініктер, терминология, мән, анықтамалар, байланыстар, элементтер
			Негізгі ұғымдарды меңгеру	

Екінші деңгей — ТҮСІНУ

Таксономия — екінші деңгей		Етістік	Немен әрекеттеседі
2.20 Интерпретация	Интерпретациялау, қайта құру, дифференциациялау, жету, <i>жасау</i> , орнату, түсіндіру, көрсету	Қатынастар, маңызды фактілер, аспектілер, көзқарас, жаңа сипаттамалар, қорытындылар, әдістер, теориялар, абстракциялар	
Кестені пайдалана отырып, жел өрнегін жаса			

Үшінші деңгей — ҚОЛДАНУ

Оқу тапсырмаларының таксономиясы — үшінші деңгей	Етістік	Немен әрекеттеседі
3. Қолдану	Қолдану, жалпылау, байланыс орнату, тандау, дамыту, ұйымдастыру, <i>пайдалану</i> , <i>жетекшілікке алу</i> , қайта өзгерту, топтастыру	Қағидалар, заңдар, қорытындылар, эффектер, әдістер, теориялар, абстракциялар, жағдайлар, жалпылау, үрдістер, феномендер, тәсілдер
Кестені жетекшілікке ала отырып, жергілікті желдерді салыстыр		

Төртінші деңгей — ТАЛДАУ

Оқу тапсырмаларының таксономиясы — төртінші деңгей		Етістік	Немен әрекеттеседі
Талдау	4.10 Элементтерді белгілеу	Дәлелдеу, идентификациялау, <i>топтастыру</i> , айыра алу, шығару, жіктеу	Элементтер, гипотезалар, қорытындылар, фактілерді белгілеу, дәлелдер, қасиеттер
Ұғымдарды топтастыр			

Бесінші деңгей — СИНТЕЗ

Оқу тапсырмаларының таксономиясы – бесінші деңгей		Етістік	Немен әрекеттеседі
Синтездеу	5.10 Өз шығармасын жасау	Жазу, айту, <i>жасау</i> , беру, модификациялау, құжаттау	Құрылым, модель, жетілдіру, жоба, жұмыс, жалпылау, күш, ерекше фактілер, шығарма
Қазақстанда желдің күшін пайдалану жобасын жасандар			

Алтыншы деңгей — БАҒАЛАУ

Оқу тапсырмаларының таксономиясы — алтыншы деңгей		Етістік	Немен әрекеттеседі
	6.20 Ішкі сынау	Пайымдау, дәлелдеу, шоғырландыру, салыстыру, стандарттау, <i>бағалау</i>	Мақсат, құралдар, тиімділік, экономика, пайдалылық, балама, әрекеттер жоспары, стандарттар, теориялар, жалпылаулар
Бүгінгі күннің ауа райы құбылыстарын төмендегі шартты белгілермен өз бетінше бағала			

2-сурет. Матрица

1. «БІЛІМДЕР». Еске түсір:

- Жел дегеніміз –
- Желбағар –
- Муссон дегеніміз –
- Бриз дегеніміз –
- Жел өрнегі дегеніміз –
- Желдің маңыздылығы –

2. «ТҮСІНУ». 1-тапсырманы «Балық» сызбасына иллюстрацияла.

Төмендегі кестедегі мәліметтерді сәйкестендіріп көрсет.

Күндіз теңізден құрлыққа, түнде құрлықтан теңізге соғатын желдер	Тропосфера
Ауаның горизонталь бағытта жылжуы	Термометр
Атмосфералық қысымды өлшейтін аспап	Бриз
Ауа температурасын өлшейтін аспап	Амплитуда
Атмосфераның ең төменгі қабаты	Жел
Температураның ең жоғары және ең төменгі температурасының айырмасы	Барометр

3. «ҚОЛДАНУ». Кестедегі мәліметтерді пайдалана отырып, «жел розасын» жаса

Желдің бағыты							
О	С	Ш	Б	ОШ	ОБ	СБ	СШ
Желдің соққан күндер саны							
5	4	4	6	3	2	4	3

Кестені жетекшілікке ала отырып, жергілікті желдерді салыстыр:

	Муссон	Бриз
Қалыптасу себебі		
Кездесетін территориялар		
Бағытын өзгертетін мезгіл		
Бағытын неше рет өзгертеді		

Бүгінгі күннің ауа райы құбылыстарын төмендегі шартты белгілермен өз бетінше бағала

Желдің бағыты
С СШ Ш ОШ О ОБ Б СБ

Желдің күші

- Тынық
- Баяу жел
- Қоңыр жел
- Қатты жел
- Дауыл

Жауын — шашын

Жауын шашын...

Қар *

Қиыршық

Бұршақ

Қырау

Шық

Бұлттылық

Аспан ашық

Ала бұлт бар

Аспанның жартысын бұлт басқан

Аспанды түгелге жуық бұлт басқан

Аспанды түгелдей бұлт басқан

Ауа райы құбылыстары

4. «ТАЛДАУ». Қарағанды қаласындағы қаңтар айындағы жел өрнегіне талдау жасап, энергия алу үшін өз ойыңды дәлелде

Желдің бағыты							
О	С	Ш	Б	ОШ	ОБ	СБ	СШ
Желдің соққан күндер саны							
3	4	5	8	5	2	4	0

5. «СИНТЕЗ». Қазақстан қалалары бойынша жел өрнегіне талдау жаса және оны тиімді пайдалану жолдарын көрсет
Қарағанды қаласы

Желдің бағыты							
О	С	Ш	Б	ОШ	ОБ	СБ	СШ
Желдің соққан күндер саны							
7	4	5	3	1	4	4	3

Атырау қаласы

Желдің бағыты							
О	С	Ш	Б	ОШ	ОБ	СБ	СШ
Желдің соққан күндер саны							
6	2	3	7	4	5	2	2

Қостанай қаласы

Желдің бағыты							
О	С	Ш	Б	ОШ	ОБ	СБ	СШ
Желдің соққан күндер саны							
2	3	8	6	4	5	2	1

6. «БАҒАЛАУ». Жел энергиясын пайдалануда өз отбасы жағдайында және үйінде тиімді шешу жолдарын көрсет, өз пайымдауларыңды ұсын, бағала [3, 4].

3-сурет. Оқу тапсырмаларының классификаторы

Заманауи сабақты бағалау үшін, бақылау өлшеуіштері оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес әзірленеді және оқу материалын меңгерудің әрбір деңгейіне тән оқу іс-әрекетінің мазмұнын көрсетеді.

Қорытындылай келсек, негізгі құзыреттіліктерді оқушы бойына дарытуды көздей отырып, оқу тапсырмаларын Блум таксономиясына негіздеп әзірлеу арқылы осы заманның және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұрақты дамуды қамтамасыз ете аламыз.

References

- 1 Academic program of geography subject for 6–9 forms // National academy of education named after I.Altynsarin. — Astana, 2011.
- 2 *Zhaitapova A.A., Rudik G.A., Beloshnichenko Y.V., Satyvaldieva A.S.* Pedagogic of XXI century at the doorstep of a school. — Almaty, 2009.
- 3 *Rudik G.A.* The culture of brainwork or 101 techniques of study. — Kostanay, 2010.
- 4 *Birmagambetov A., Mamyrova K.* The physical geography for 6 forms. — Almaty: Atamura, 2010.
- 5 State general standards of education of Republic of Kazakhstan. — Astana, 2006.

С.А.Талжанов, А.И.Аманжолов

Важность личностного подхода в обеспечении устойчивого развития

В статье представлены результаты исследования об особенностях и эффективности технологий индивидуальной поэтапной организации обучения географии в педагогической деятельности учителя с использованием таксономий Блума. Показана необходимость компетентного уровня в образовании, даны представления о глобальном образовании.

S.A.Talzhanov, A.I.Amanzholov

Importance of personality approach is in providing of steady development

The article describe peculiarities of technology and efficiency of individual and step by step geography teaching organization pedagogic activity of a teacher with usage of Blum taxonomy, Nowadays for better education the competent level is needed. The main direction in education is a presentation of global education.

УДК 551.4+502.572 (574.3)

А.А.Лукашов¹, К.М.Акпамбетова²¹ Московский государственный университет им. М.В.Ломоносова, Россия;² Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова (E-mail: akamshat@yandex.ru)**Техногенный рельеф районов сосредоточенной добычи минерального сырья в аридных ландшафтах****На примере Центрального Казахстана**

Показано, что в условиях аридного климата эколого-геоморфологические последствия сосредоточенной добычи минерального сырья обладают определенной спецификой: дефляция минеральной массы шахтных отвалов и бортов эксплуатационных карьеров порождает масштабную интоксикацию воздушного бассейна; как в пределах горных отводов, так и вблизи них активизируются водная эрозия незащищенных грунтов, суффозия, просадки и процессы подтопления шахтными водами. Отмечено, что техногенный пресс распространяется и на урбанизированные территории, к числу которых относится и Караганда. Доказано, что геоморфологическая оптимизация природопользования в аридных ландшафтах, в частности в Центральном Казахстане, необходима во избежание негативных экологических последствий.

Ключевые слова: разработка месторождений полезных ископаемых, аридный ландшафт, Центральный Казахстан, дефляция, проседание, просадки, техногенный рельеф, каменноугольная шахта, Караганда, подземная добыча, заболачивание, эрозия, шахтные воды, месторождения полезных ископаемых.

Введение. Начиная со II тысячелетия до н.э. разработка ценных месторождений выступает в роли одного из ведущих факторов порождения эколого-геоморфологических проблем (рис. 1), особенно в регионах с засушливым климатом. В аридных районах, где имела место длительная горная добыча, особенно велики преобразования (большой частью негативные) морфолитоогенной основы ландшафтов. Так, в Восточной пустыне Египта земля взрыта на обширных площадях в среднем на глубину до 2 м разработками россыпного золота, которые велись старателями практически во всех вади. Вследствие активной дефляции древние россыпные разрезы и поныне являются очагами загрязнения приземной атмосферы.